Тағдырлы тұлға

Ұлт руханиятының биік шыңындағы Қасым Тоғызақов жайлы

Үстіміздегі жылдың 6-шы мамырында қазақ халқының мәдениеті мен өнерін әлемге танытқан Мәскеудегі Қазақ өнері мен он күндігіне 90 жыл толады.

Бұл – ұлттық өнер тарихындағы ерекше белес, қазақ руханиятының халықаралық деңгейде мойындаған кезеңі.

Айтулы датамен қатар, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ақын, сатирик, журналист, аудармашы, қоғам қайраткері Қасым Сәрсенұлы Тоғызақовтың туғанына 116 жыл толып отыр.

Қостанай жерінің топырағынан шыққан Қасым Сәрсенұлы – тағдырдың талай сынағына төтеп беріп, ұлт руханиятына адал қызмет атқарған қайсар тұлға. Оның өмір жолы - қазақ зиялыларының ауыр да күрделі дәуірін бейнелейтін шынайы шежіре.

Қасым Сәрсенұлы Тобыл өзенінің оңтүстігін мекендеген Көлденең Қыпшақ руының Науша атасынан тарайды. Шежіре бойынша: Науша, Сары, Байбағыс, Айтуған, Тоғызақ, Ырсалды, Сәрсен, Нұрым, Қасым болып жалғасады.

Нұрымнан Қасым мен Абдолла атты екі ұл дүниеге келеді. Атасы Сәрсен немересін бауырына басып, алғаш ауыл молдасынан сауатын аштырған. ықыласына ие болады. Оның тілі ширақ, ойы өткір, әлеуметтік мәселелерді батыл көтеретін.

Қасым Сәрсенұлы Тоғызақов өз естелігінде: «Ауыл» газетіндегі ұстаздарым – Бейімбет Майлин, Жұмаш Еленов, Меңетай Жақсылықов, Хасен Өзденбаев, Жекен Сәрсенбин, Ақбас Дүйсенбаев сынды майталман әдебиетшілер еді. Осы кісілердің ақылы мен көмегі менің ақын болып қалыптасуыма үлкен әсер етті», – дейді.

1929 жылы «Ауыл» газетінде «Жедел қарт» бұрышы ашылып, Қасым редакция қызметіне қабылданады. Аудармашы Хасен Өзденбаев оны, «Аузы дуалы, ағы желді бала екен» - деп бағалаған. Мәдениет және өнер саласындағы инспекторы және Жамбыл Жабаевтың хатшысы қызметтерін аудармашы ғана емес, ол руханияттың ірі өкілі. Оның шығармаларында заман шындығы, өмірдің лар жазған.

Қазақ руханияты мен Алаш тарихында тағдырлы тұлғалардың орны әрдайым ерекше. Солардың бірі — ақын, жазушы, қоғам қайраткері Қасым Сәрсенұлы Тоғызақов. Оның шығармашылық мұрасы ғана емес, азаматтық болмысы мен адамгершілік биігі де ұлт жадында сақталуға тиіс. Әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлының жары Бәдрисафа (Александра) Байтұрсыноваға қатысты құпия тағдырды сақтау жолындағы ерлігі — Қасым есімін ұлт тарихында мәңгі қалдыратын тағылымды іс.

Алаш арыстары құғынсүргінге ұшыраған ауыр кезеңде олардың туғантуысына жақындаудың өзі қауіпті еді. Осындай сын сағатта жалғыз қалған, тағдыр тәлкегіне түскен Бәдрисафа анамызға қол ұшын беру — Тоғызақовтың қайсар мінезін айқын танытады. Бұл — құр сөзбен емес, нақты іспен дәлелденген азаматтық ұстаным.

Өкінішке қарай, сол кезеңнің куәгерлері болған Қапиза, Қарипа, Төлеубай секілді жандармен толық жүздесіп, тарихи деректерді түгел хаттап үлгеру мүмкін болмады. Әсіресе Қарипа апамен арамызды небәрі қырық күн бөліп қалғаны — үлкен өкініш. Дегенмен үміт ешқашан үзілген емес. Танымал журналист Нәзира Жәрімбетова екеуміздің Бәдрисафаны көзімен көрген Дәмежан әже мен Есімхан атамен болған сұхбаттарымыз көп шындықтың бетін ашқандай әсер қалдырды. Сол естеліктердің өзі тарихтың көмескі тұстарын жарыққа шығара түседі.

Уақыт өте келе үміттің шындыққа айналарына сенім мол. Осы сенімнің белгісіндей болып, 2016 жылы Науша еліндегі Екпінді ауылы қорымына Бәдрисафа анамызға арналған белгітас қойылды. Бұл іске ел азаматтары Есенғазы Нұрғазин, Берік Ибраев, Елікбай мен Марат сынды азаматтар атсалысып, аманатқа адалдықтың үлгісін көрсетті. Бүгінде бұл орын — ұрпақ тағзым ететін қасиетті мекенге айналды.

Қасым Тоғызақовтың өмір жолы Феникс құсының тағдырын еске салады. Қанша рет құдаланып, тағдыр тауқыметін көрсе де, оның жігері мұқалмады. Керісінше, қиындықтар оны шыңдай



Ерте жастан зерек Қасымның болашағын байқап, әкесі Нұрымға оны оқуға беруді аманат етеді.

Осылайша 1920 жылы Қасым Қырықбойдақтағы орыс мектебіне оқуға барады. Бұл қазақ даласы үшін үлкен жаңалық еді. Жас Қасым білім әлеміне қадам басып, тез арада алғырлығымен көзге түседі.

1926 жылы ол Қостанай педагогикалық техникумына түсіп, білімін жалғастырады. Дәл осы кезеңде оның шығармашылық қабілеті айқын көріне бастайды. Қасым қабырға газеттеріне, достарына, ауылына арнап өлең жазып, әдебиетке алғаш қадамын бастап, ақындық әкесімен айтысудан басталғанын еске алған екен.

Жас таланттың журналистік жолына тоқталатын болсақ, 1927 жылы Қасымның алғашқы өлеңі «Ауыл» газетінде жарық көреді. Осы сәттен бастап оның шығармалары «Жедел қарт» деген бүркеншек атпен кең тарала бастайды.

Жас ақынның сатиралық өлеңдері қоғамдағы келеңсіздіктерді өткір тілмен сынап, оқырман ған.

Осылайша ел аралап, халық өмірін көзімен көріп, шығармаларына арқау ете бастайды. Кейіннен Қарабалық ауданындағы «Жаппай коллективтендіру» көшпелі газетінің редакторлық қызметін атқарады.

Қасым Тоғызақовтың білім мен өнер тоғысқан жолына тоқталатын болсақ, Қасым Сәрсенұлы 1930-1933 жылдары аралығында Ленинградтағы А.Герцен атындағы педагогикалық институтында білім алады. Кейін 1939-1941 жылдары арасында Мәскеудегі Кинематография институтында оқиды.

Ол студент кезінен-ақ, белсенді шығармашылықпен айналысады. «Жедел Қарт» редакторы, аудармашы, әдеби қызметкер ретінде танымал болады.

Қасым Сәрсенұлы әлем әдебиетінің классиктерін қазақ тіліне аударды.

Оноре де Бальзак, Уильям Шекспир, Михаил Лермонтов, Александр Пушкин, Иван Вазов, Рай Баччан шығармаларын аударады. 1935-1937 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің атқарады. Сонымен қатар Жамбыл Жабаевтың жауапты хатшысы ретінде Мәскеудегі тарихи оңкүндікте үлкен рөл атқарып, Мәскеу сапарындағы шығармаларын сөзбе сөз қолма қол аударып отырады.

1941 жылы Қасым Сәрсенұлы Тоғызақов «саяси айыппен» бес жылға сотталады. Бұл - сол дәуірдегі көптеген қазақ зиялылары бастан өткерген ауыр тағдыр. Алайда ол рухын түсірмейді: «Отанымсың сен де менің» - деп туған еліне деген сүйіспеншілігін өлеңмен жеткізеді.

1946 жылы бостандыққа шыққан соң Алматыға оралып, Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында әдеби-репертуар бөлімін басқарады. Ол көптеген опералар мен пьесаларды қазақ тіліне аударып, театр өнерінің дамуына үлес қосады. Алайда 1948 жылы қайтадан айдалып, Краснояр өлкесіне жіберіледі. Соған қарамастан, ол шығармашылықты тоқтатпайды.

Қасым Тоғызақов – нағыз елін сүйген нар тұлға. Ол – тек сатирик немесе ащысы, қара халықтың зарлы мұңы, елдік сана айқын көрініс тапқан.

Ол Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Күләш Байсейітова секілді тұлғаларға арнап шығарма-


Личный листок
по учету кадров

екінің бірінің қолынан келмейтін ерлік болатын. Өзін ғана емес, айналасындағы жақындарын да қатерге тіге отырып, адамдық пен адалдық жолынан таймау — Қасым түсті. Дарын мен табандылықтың арқасында ол кеңестік кезеңнің өзінде шығармашылық ортада үлкен беделге ие болып, СССР және Қазақ ССР Жазушылар мен Кинематография одақтарында елеулі қызмет атқарды. Оның есімінің 1969 жылы жарық көрген Қазақстан жазушыларының тұңғыш өмірбаяндық энциклопедиялық жинағына енуі — соның айғағы.

Қасым Тоғызақовтың қайраткерлік және қаламгерлік мұрасы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістерді жүйелі түрде жүргізу — бүгінгі ұрпақтың парызы. Әсіресе Қостанай өңірі мен Меңдіқара жұртшылығы үшін бұл — тарихи жауапкершілік әрі рухани борыш. Өйткені ұлтқа қызмет еткен тұлғаны ұлықтау — елдіктің белгісі.

Қасым Сәрсенұлы Тоғызақовтың өмірі мен ерлігі — ұрпаққа өнеге, тарихқа тағзым, адамдыққа мәңгілік үлгі.

Ибраһим АҒЫТАЙ
ҚР Журналистер одағының мүшесі, Ахметтанушы